

Екібастұз қалалық Мешітіне жаңа имам сайланды

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының төрағасы, Бас муфти Ержан қажы Малғажыұлының бұйрығы бойынша Екібастұз қалалық мешітіне бас имам болып Отарбаев Бауыржан Болатжанұлы тағайындалды.

Отарбаев Бауыржан Болатжанұлы Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласында 18. 04. 1974 жылы дүниеге келген. Ұлты қазақ.

1981-1991 жылдары Семей қаласының №32 мектебінде оқыған.

1991-1992 ж.ж. Аранайы техникалық оқу орнын автомеханик мамандығы бойынша бітірді.

1992-1994 ж.ж. Әскери борышың өтеді.

1998-2003 ж.ж. Мешітте сауат ашу курстарында білім алды.

2003-2005 ж.ж. Сирия Араб мемлекетінде «Араб тілі» институтын тәмәмдады.

2004-2010 ж.ж. Сирия Араб мемлекетінде «Фатхуль Ислам» университетінің «Шариғат» факультетін оқып аяқтады.

2010-2011 ж.ж. Семей қаласы «Тас мешітінің» наиб имамы болып қызмет атқарды.

2011-2012 ж.ж. Тараз қаласы «Һиба-тулла Тарази» мешітінің ұстазы қызметін атқарды.

2012-2014 ж.ж. Тараз қаласы «Шейх Зуннун» мешітінің бас имамы қызметін атқарды.

2014-2015 ж.ж. Павлодар қаласы «Әбу Бәкір Сыддық» медресесінің директоры қызметін атқарды.

3. 06. 2015 жылдан бастап Екібастұз қалалық мешітінің Бас имамы болып сайланды.

Үйленген, 1 қыз баласы бар.

Бұрынғы имам басқа мешітке ауыстырылды

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының төрағасы, Бас муфти Ержан қажы Малғажыұлының бұйрығы бойынша Ахметов Мәди Айдарханұлы Алматы қаласы, «Горный Гигант» аудындық ме-

шітіне 1. 06. 2015 ж. бас имам болып сайланды.

Мешітке ұстаз тағайындалды

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының төрағасы, Бас муфти Ержан қажы Малғажыұлының бұйрығы бойынша Екібастұз қалалық мешітіне Алматы Ислам Университетінен Құран қари Хадиршаев Салман Абдулхафизұлы ұстаз болып тағайындалды.

Хадиршаев Салман Абдулхафизұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Мырзакент қаласында 4. 04. 1990 жылы дүниеге келген. Ұлты тәжік.

1996-2007 орта мектепте оқыған.

2007-2008 ж.ж. Шымкент қаласындағы «Дәр әл-Арқам» Құран Кәрім орталығында оқып, 30 пара Құранды жаттап «Қари» дәрежесін алғып бітірген.

2008-2013 ж.ж. «Нұр-Мубара» Египет ислам мәдениеті университетін



оқып тамамдады.

2013-2015 ж.ж. Мақтарал аудандық мешітінде имамның көмекшісі болып қызмет жасады.

01. 04. 2015 жылдан бастап Екібастұз қалалық мешітіне Ұстаз болып тағайындалды.

Үйленген, екі ұл баласы бар.

Екібастұз қалалық мешітінің баспасөз қызметінің жетекшісі

Қайрат Елтінов